




Еңбек құқығы еңбек нарқы үрдісінің әрекеті, жалдамалы еңбекті ұйымдастыру мен пайдалану барысында қалыптасатын қызметкерлердің еңбек қатынасын және онымен тығыз байланысты қатынастарды реттейтін құқықтың бір саласы

Еңбек құқығы

Еңбек құқығы:

- ❖ Жұмыскермен қызметкердің тікелей еңбек ету жағдайы бойынша жұмыс беруші атынан әрекет ететін әкімшілікпен қатынасын реттейді;
- ❖ өндірісті басқаруға жұмыскердің қатысу, еңбек жағдайын тағайындау мен қолдану жағдайы бойынша әкімшіліктің еңбек ұжымымен қатынасы;
- ❖ еңбек дауларын қарастыру бойынша қатынастар;
- ❖ еңбекті қорғау және бірқатар басқалары бойынша қатынастар





Еңбек құқығының негізгі мақсаты - жұмыс беруші мен жалданушы қызметкер арасында қатынастарды құқық арқылы реттеу және заңсыздыққа жол бермеу

Еңбек құқығының әдісі - еңбек құқығының пәні болып табылатын еңбектік құқықтық қатынастар және сонымен тығыз байланысты басқа да қатынастарды құқықтық реттеудің өзіндік ерекшеліктерінің барынша жалпы-лама көрінісі

Еңбек құқығының әдісі құқықтық реттеу қандай тәсілмен іске асырылады деген сауалға жауап береді

еңбектік құқықтық қатынастар
және солардың негізінде
туындайтын басқа да қаты
настарды реттейтін
императивтік және
диспозитивтік нормалардың
қосындысымен

әлеуметтік әріптестіктің
тараптарының өкілдерін
қатыстыра отырып қоғамдық
қатынастарды реттеуде
әлеуметтік-әріптестік келісімдерді
барынша кең пайдаланумен

еңбек дауларын шешудің ерекше тәртібін
бекітуімен *сипатталады*

еңбек құқығы пәнін реттейтін
орталықтанған, жергілікті
және шартты әдістердің
қосындысымен

жалдамалы еңбекті
пайдалануды реттеудің
даралығы мен саралап
жіктелінуі

Еңбек құқығы жүйесі ідеп біртұтас еңбек құқығын бір-бірімен тығыз байланысты жеке бөлшектерге (институттарға) бөлуден көрінетін объективті өмір сүретін құқық саласының құрылымын айтамыз

ЖАЛПЫ бөлімі жалпылама сипаттағы және еңбек құқығы институттарының барлығына бірдей қолданылатын нормалардан тұрады

ЕРЕКШЕ бөлімі еңбектік құқықтық қатынастардың және онымен тығыз байланыстағы еңбек қатынастарының жекелеген элементтерін қамтиды